

Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігіне инвестиция тарту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 18 қазан N 1341

Мемлекеттік иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған (II-кезең) Ұлттық бағдарламасына сәйкес және темір-руда өнімдері өндірісіне ірі ауқымдағы инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1995 жылғы 1 қарашаға қарай Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің негізінде ашық тұрпаттағы акционерлік қоғам құруды аяқтасын;

Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты өндірістік бірлестігін акционерлендіруді аяқтағаннан кейін оның Жарғылық қорындағы акциялардың 20 процентін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Айведон Интернейшнл Лтд." фирмасының арасындағы осы қаулыны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін 1995 жылғы 14 ақпандағы N 3/95 басқару туралы шартқа қажетті толықтырулар енгізісін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің негізінде құрылатын акционерлік қоғамның Жарғылық қорындағы акциялардың 20 процентін айқындалған инвестор - " Айведон Интернейшнл Лтд." фирмасының басқарушысына келісілген шартпен өткізілсін.

Аталған акциялардың мемлекеттік пакетін сатуды: негізгі қорды қайта бағалауды, шығарылған өнімге сұранымды, оның бәсекелестік қабілетін, өндірістің рентабелділігін , кәсіпорынның даму перспективасын, әлемдік бағаның деңгейін және басқа факторларды ескере отырып жүзеге асырсын. Осы жұмысқа тәуелсіз аудиторлық фирмаларды тартсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК